




Тастыбастау шағын
жинақталған бастауыш мектебі
бастауыш сынып мұғалімі
Джаксылыкбаева Гульназ
Асетовна





1-4 сынып комплектісі

Пәні: әдебиеттік оқу, ана тілі

Тақырыбы:

1-сынып: Жуан және жіңішке жұп дауыстылар

4-сынып: С.Ақаев “Қанағат қарын тойғызар”



Сабақтың мақсаты

4-сынып

Мақсаты

Күтілетін нәтиже

1. Тақырыптың идеясын ашу, қанағатшыл, шыдамды болуға үйрету.
2. Өтілген сабақ пен жаңа сабақты байланыстыру арқылы шығармашылық ойлау қабілетін дамыту.

Сабақтың тәрбиелік мақсаты:

Кішіпейіл, қарапайым, қанағатшыл болуға үйрету.

Адам бойындағы жақсы қасиеттерді үйренуге тәрбиелеу

1-сынып

Сабақтың мақсаты:

- 1) Оқушыларға жуан , жіңішке жұп дауыстылардың ерекшеліктерін өзара салыстыружолымен аңғарту.
- 2) Өлеңдегі сөздердің мағынасын түсініп, мәнерлеп оқуға баулу.
- 3) Отанға деген, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру.





сыныбы	Сабақ типі	әдісі	көрнекілігі
1-сынып	Аралас сабақ	Сұрақ-жауап, өзіндік жұмыс	Суреттер, жұмбақтар, топтама
4-сынып	Дамытушылық сабақ	Ой шақыру, сұрақ, эссе, көрнекілік стратегиялары	Сурет, салыстыру кестесі

Сабақтың барысы:


4-сынып оқушыларына тақтада жұмбақ ілінді. Бейнеткер көпшілікте көрдім халық, Күнінде бір отырмас дамыл алып. Өзінен ауыр жүкті көтереді. Үйінде жатып жейді рахаттанып.
(Құмырсқа).
Екі басы жұдырықтай, Ортасы қылдырықтай.
(Құмырсқа).
Тақтаға “Қанағат деген не?” деген сұрақ жазылып талдау жасалынады



1-сынып оқушыларына бұл уақытта әр түрлі жемістер таратылып беріліп, өткен тақырыптарды естеріне түсірді. Себетке түрлі жемістерге сұрақтарына жауап беріп, жинады

Ой толғаныс

– Дәптермен жұмыс:



1. Жуан дауыстыларды ата
2. Жіңішке дауыстыларды ата
3. Бірыңғай жуан айтылатын сөздер
4. Бірыңғай жіңішке айтылатын сөздер
5. Дауысты дыбыстарды ата



**Мәтінді өз
беттерінше оқу,
мәтін идеясын
түсіну.**



54-жаттығу

**Сөздерді салыстырып оқып,
сөз мағынасын өзгертіп
тұрған дауысты
дыбыстарды талдау.**

Ал-әл от-өт

Сан-сән тос-төс

**А-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і-жуан және
жіңішке жұп
дауыстылар.**



4-сынып оқушыларына салыстыру кестесі беріледі

1.	Мысалдың аты, тақырыбы	Қанағат қарын тойғызар
2.	Авторы	
3.	Оқиға орны	
4.	Кейіпкерлер	
5.	1-ші жігіт қандай	
6.	2-ші жігіт қандай	
6.	Мазмұны, идеясы қандай?	



Отан өлеңін
тізбектей оқып
талдап, жұмыс
дәптермен
жұмыс жүргізеді






Сөздікпен жұмыс:

Жұт-ауыр қыс, мал жан
шығыны

Аңкөс-аңшы адам

Болдыру-шаршау

Ел басына күн туу-елдің
қиыншылығы



Тақтада ілінген
суреттер бойынша
жыл мезгілін тауып,
өткен тақырыптар
бойынша өлеңдер
оқу.







Қортынды бөлім.

Әңгімені кезектесе отырып талдайды, сұрақтар қойылып қортындыланады. “Қанағат туралы ой түсініктерін, мәтін идеясы жайлы пікірлерін ортаға салды.

Жаңа тақырып бойынша талдау жұмыстары жүргізіліп үйге тапсырма беріледі.



**Назарларыңызға рахмет!
Сіздерге тек творчестволық
табыс пен, оқушыларыңызды
шабыттандырардай сабыр
тілеймін!**

